

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Еңбекту жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-сі



Республика Казахстан
КГУ «Енбектуская
Общеобразовательная
Средняя школа» ГУ
«Отдел образования Айтекебийского
Района Управления Образования
Актюбинской области»

Н.Әлдекешов көшесі № 3, телефон: 8-713-39- 71-8-03
E mail: EnbektuJOBVM@yandex.kz

Еңбекту селосы

с.Енбекту

« 31» тамыз 2022ж

Бұйрық № 133

**2022- 2023 оқу жылының
басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы оқу және ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2022 – 2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 363 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 тамыздағы № 270 бұйрығы негізінде Әйтеке би ауданының білім беру ұйымдарында 2022- 2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 287 бұйрығын басшылыққа ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.1. Еңбекту ЖОББМ-нің жаңа 2022 – 2023 оқу жылына дайын болуы қамтамасыз етілсін.
- 1.2. Еңбекту ЖОББМ-де оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
- 1.3. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша шаралар қабылдансын;
- 1.4. Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
- 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу және ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығы басшылыққа алынсын және айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына ата- ана назарына жеткізілсін
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 -2023 оқу жылының басталуы 2022 жылғы 1 қыркүйек; аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда - 35 оқу аптасы
2- 11 (12) - сыныптарда - 36 оқу аптасы;
 - 3) Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері;
1-11 (12) сыныптарда : күзгі каникул - 7 күн (2022 жылғы 31 қазан - 6 қараша аралығында), қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен

2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул - 9 күн (2023 жылғы 18 - 26 наурызды аралығында);

1 – сыныптарда қосымша каникул - 7 күн (2023 жылғы 6- 12 ақпан аралығында),

- 1.6. Оқу және ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
- 1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.
- 1.8. Оқу процесін ұйымдастыруда «2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Махамбетоваға жүктелсін

Мектеп директоры:



Б.Калмурзина

Таныстым:

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Еңбекту жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-сі



Республика Казахстан
КГУ «Енбектуская
Общеобразовательная
Средняя школа» ГУ
«Отдел образования Айтекебийского
Района Управления Образования
Актюбинской области»

Н.Әлдекешов көшесі № 3, телефон: 8-713-39- 71-8-03
E mail: EnbektuJOBVM@yandex.kz

Еңбекту селосы

с.Енбекту

« 1 » қыркүйек 2023ж

Бұйрық № 166

**2023- 2024 оқу жылының
басталуы туралы**

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 384 бұйрығын
басшылыққа ала отырып

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1.1. «2023 -2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу- тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
- 1.2. Білім беру ұйымында жаңа 2023 - 2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.
- 1.3.Білім беру ұйымында оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
- 1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру , үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
- 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата- ана назарына жеткізілсін.
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023 -2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2- 11 сыныптарда - 34 оқу аптасы.
 - 3) Оқу жылы ішінде тоқсандар аралығында оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул - 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул - 10 күн (2023 жыл 29 желтоқсаннан бастап 2024 жыл 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул - 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1 – сыныптарда қосымша каникул - 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда) ;

1.6. ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.

1. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Махамбетоваға жүктелсін

Мектеп директоры:



Б.Калмурзина

Таныстым:

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Еңбекту жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-сі



Республика Казахстан
КГУ «Енбектукская
Общеобразовательная
Средняя школа» ГУ
«Отдел образования Айтекебийского
Района Управления Образования
Актюбинской области»

Н.Әлдекешов көшесі № 3, телефон: 8-713-39- 71-8-03
E mail: EnbektuJOBVM@yandex.kz

Еңбекту селосы

с.Енбекту

« 2» қыркүйек 2024ж

Бұйрық № 158

**2024- 2025 оқу жылының
басталуы туралы**

- 1.1. «2024 -2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу- тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
- 1.2. Білім беру ұйымында жаңа 2024 - 2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.
- 1.3. Білім беру ұйымында оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
- 1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру , үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
- 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына ата- ана назарына жеткізілсін.
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024 -2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда - 33 оқу аптасы, 2- 11 сыныптарда - 34 оқу аптасы.
 - 3) Оқу жылы ішінде тоқсандар аралығында оқушылардың каникулдары кезеңдері: күзгі каникул - 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда); қысқы каникул - 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда); көктем каникул - 11 күн (2025 жылғы 21- 31 наурызды қоса алғанда);
1 – сыныптарда қосымша каникул - 7 күн (2025 жылғы 10- 16 ақпанды қоса алғанда) ;
- 1.6. ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

- 1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Махамбетоваға жүктелсін

Мектеп директоры:



Б.Калмурзина

Таныстым:

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Әйтеке би ауданының
білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Еңбекту жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-сі



Республика Казахстан
КГУ «Енбектуская
Общеобразовательная
Средняя школа» ГУ
«Отдел образования Айтекебийского
Района Управления Образования
Актюбинской области»

Н.Әлдекешов көшесі № 3, телефон: 8-713-39- 71-8-03
E mail: EnbektuJOBVM@yandex.kz

Еңбекту селосы

с.Енбекту

« 2» қыркүйек 2025ж

Бұйрық № 147

**2025- 2026 оқу жылының
басталуы туралы**

Орта білім беру ұйымдарында 2025 – 2026 оқу жылының басталуы және аяқталу мерзімдерін, сондай – ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы № 174 бұйрығы
«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025- 2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025 жылғы 1 қыркүйек - 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2- тоқсан - 8 оқу аптасы, қысқы демалыс - күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3- тоқсан - 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс - күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19- 29 наурызды қоса алғанда);

1 - Сыныптарда қосымша демалыс - күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9 – 15 ақпанды қоса алғанда);

4- тоқсан - 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары - 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында:

11 (12) сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары - 2026 жылғы 2- 15 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін.

9 (10)- сынып оқушылары үшін

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 29 мамыр;
2) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/ неміс), информатика) - 2026 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/ тәжік/ өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)- 2026 жылғы 8 маусым;

4) орыс/- өзбек/ ұйғыр/ тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 11 маусым.

11 (12)- сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан - 2026 жылғы 2 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 5 маусым;

3) қазақ тілі/ орыс тілі бойынша және ұйғыр/ тәжік/ өзбек тілінде оқытатын мектептер/ сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан - 2026 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс) ,информатика)- 2026 жылғы 12 маусым ;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

4. ҚР Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Махамбетоваға жүктелсін

Мектеп директоры:

Таныстым:

Б.Калмурзина

